

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ ШАЛҚАРСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2019 жылғы 22 мамыры

№ 356

Шалқар қаласы

город Шалқар

**Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 108
«Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін
белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін
айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы №108 «Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 5528, 2017 жылы 15 маусымдағы «Шалқар» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларындағы:

«1. Жалпы ережелер» тарауындағы

2 тармақтың 1) тармақшасы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Шалқар аудандық бөлімі «бұдан әрі- уәкілетті ұйым);»

« 2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және көмектің мөлшерлері» тарауының мемлекеттік тілдегі нұсқасы жаңа редакцияда жазылсын:

« 2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау тәртібі және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу»;

9 тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын:

10 тармақтың 7) тармақшасындағы:

«60000 (алпыс мың)» сөздері «140000 (бір жүз қырық мың)» сөздерімен ауыстырылсын:

10 тармақтың 9) тармақшасындағы:

«60000 (алпыс мың)» сөздері «140000 (бір жүз қырық мың)» сөздерімен ауыстырылсын:

13 тармақтың 1) тармақшасындағы:

«100000 (бір жүз мың)» сөздері «300000 (үш жүз мың)» сөздерімен ауыстырылсын:

13 тармақтың 2) тармақшасындағы:

«50000 (елу мың)» сөздері «100000 (бір жүз мың)» сөздерімен ауыстырылсын:

13 тармақтың 3) тармақшасындағы:

«30000 (отыз мың)» сөздері «100000 (бір жүз мың)» сөздерімен ауыстырылсын:

13 тармақтың 4) тармақшасындағы:

«15000 (он бес мың)» сөздері «50000 (елу мың)» сөздерімен ауыстырылсын:

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментіне мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

**Шалқар аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы**

М.Ержанов

Ж.Былқайыр

КЕЛІСІЛДІ:

«Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және

элеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ басшысы

_____ Қ. Утаров

« _____ » _____ 2019 жылғы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 27.05.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6189 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Марат Улжабаевич Ержанов, 22.05.2019 11:50:46, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Исполняющий обязанности секретаря Шалкарского районного маслихата Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 22.05.2019 11:51:51, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Марат Улжабаевич Ержанов, 22.05.2019 11:52:57, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ "Управление координации занятости и социальных программ Актюбинской области" - Руководитель управления Кайрат Урынбасарович Утаров, 22.05.2019 15:32:36, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 23.05.2019 12:44:35, положительный результат проверки ЭЦП